

2021-2022 оқу жылы.

2020-2021 оқу жылының басында 5861 дана кітап келді.

1 сыныптарға жаңадан шыққан оқулықтар келіп түсті. Атамұра баспасынан шыққан «Арман пв», «Алматыкітап» «Атамұра» баспасынан шыққан оқулықтары берілді. Сонымен бірге ұстаздарға арналған оқыту әдістемелері мен олардың электронды нұсқалары берілді. Ал осы уақытқа дейін қолданылып келген оқулықтар есептен шығарылды. Мектеп бойынша 1-11 сыныптар 100% оқулықтармен қамтылды.

2021-2022 оқу жылы бойынша стат есеп:

№	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханасының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	5459
3	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	3668
4	Көркем әдебиеттер саны	1631
5	Оқырмандар саны	187
6	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	1776
7	Кітап беру саны	3553
8	Кітапханашылар саны	1
9	Оқу залының саны	1
10	Оқу залында отыратын орын саны	14
11	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	64,4 кв.м

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Кітапхана — дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап — білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Кітап – адам өмірінде маңызды орын атқарады. Ол елді, жерді сүюге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулыды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл — кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт — дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан — дүниесі бай, білім мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу, жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік, тағы басқа қасиеттер болу керек. Кітапханалар сол оқу орындарындағы білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Осы заманғы ақпарат құралдары дамыған, жаңа технологиялар заманында да кітап адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын, рухани азығы болып қала бермек. Бүгінгі оқушы ертеңгі ел маманының еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінің артуы, олардың бойында ұлттық намыс, отаншылдық, адамгершілік қасиеттерінің ұлғая түсуі жолында кітапхана қызметкерлері — халқымыздың

қилы тарихын, өнегелі әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттай білуі қажет. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдандуына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Атап айтатын болсам: Конституция күніне орай «Айбары асқақ Ата Заң» атты көрме ұйымдастырылды. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» атты көрме болып өтті. Тілдер мерекесіне орай «Ана тілің- арың бұл» атты көрме қойылды және таныстырылды. Жыл сайын бұл мемлекеттік тіл мерекесін Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстар тойлап насихаттап жүрміз. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрмеге оқушылар белсенді қатынасты. Халықаралық қарттар күніне «Қарттарым асыл қазынам» атты көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді қадірлеу, үлкенді сыйлай білуге, өз ата – бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу. Мұғалімдер күніне орай «Ұстаз-ұлы тұлға» атты көрме ұйымдастырылды. Балалардың білім, еңбек құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту және «сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылығы ретіндегі мәнін ашу.

«Мен едім от жүректі Қасым ағаң» Қ.Аманжоловтың туғанына 110 жылдығына орай көрме ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

«Бір ел-бір кітап» акциясында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына -30 кітап» көрме, насихаттау жұмыстары ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқуды ұнатасын ба?» сауалнама өткізілді. 11.11.2021 жыл Б.Соқпақбаевтің «Менің атым Қожа» атты буктрейлер ұйымдастырылды.

«Әлемдік мәдениет-кітапта» конференция көрме болып өтті. Желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Тұлға, Тәуелсіздік, Тарих» атты кеш болып өтті. ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-Мәңгілік елдің тұғыры» атты кеш болып өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқу сағаты» ашық есік күні болып өтті.

«Ертегілер еліне саяхат» атты іс-шара болып өтті. «Кітапханаға кітап сыйла!» акция ұйымдастырылды. «М. Мақатаевтың туғанына 91 жыл» поэзия кеші өтті.

«Кітап сарқылмас қазына» ашық есік күні болып өтті. Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» атты тақырыпта көрме, пікір алмасу болып өтті.

5,6,7,8,9 – сыныптар аралығында мектептегі «Жыл оқырманы» байқау ұйымдастырылды.

1- наурыз алғыс айту күніне ат салысты. 100 кітап жобасы аясында оқушылардың оқуына 100 кітап берілді. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» атты кеш болып өтті. «Кітаппен өткен демалыс күндер қызық» онлайн түрде оқушылар ата-аналарымен үйде кітап оқыды.

Ұлы Жеңіске 75 жылдығына орай «Ұшқыны Ұлы Жеңістің» атты тақырыпта мерекелі кеш, көрме ұйымдастырылды.

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі-мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасы өз заманының даму деңгейінде болып, оның балалар мен жас өспірімдерге тәрбие беру мен оқытуына белсенді көмек көрсетті. Бұл жерде бала алғаш рет, шын мәнінде кітаппен жұмыс істей бастайды. Олардың ұлан – байтақ кітаптар әлемінен өздеріне қажеттісін ажырата алуына көмектестік, кітапқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастырдық, оларға кітаптар мен жұмыс жасай білуді үйреттік. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында түрлі әдеби шаралар, кітап көрмесі, әртүрлі тақырыпқа байланысты бұрыштар ұйымдастырылады.

2022-2023 оқу жылы.

Оқу жылының басында мектеп кітапханасына 635 кітап келді. 2-сынып оқулықтары

түгел ауысып, жаңа кітаптар келді. Жалпы 1-11-сынып оқушылары 100% оқулықпен қамтылды.

2022-2023 оқу жылы бойынша стат есеп:

№	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханасының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтары, көркем әдебиеттер, кітапшалар, журналдар)	5416
3	Оның ішінде оқулықтар саны	3625
4	Көркем әдебиеттер саны	1631
5	Оқырман саны	187
6	Кітапханаға оқырманның келу саны	1776
7	Кітап беру саны	3553
8	Кітапханашылар саны	1
9	Оқу залының саны	1
10	Оқу залының орындық саны	14
11	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	64,4 кв.м.

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын кітапхана. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден бір руханият ордасы кітапханалар кеңестігінде ауыл кітапханалардың алар орны ерекше. Кітап адамның ой өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандырып, ішкі дүниесін байытады.

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасының қатынасты және ата-аналар мен оалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру.таптың құдіретін таныту. Сонымен бірге кітап қорын толықтыру, оқу мәдениетін қолдау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Ата Тіл мерекесіне «Тіл тұмар – бір шынар» тақырыбында көрме өткізілді. Оқырманды отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Ата Заңымыз – тарихи жеңістің, халқымыздың арман-мүдесін заң жүзінде айқындаған, бүкіл әлемге Қазақстан деген азат елдің бар екендігін паш еткен конституциямызда тәуелсіз еліміздің даму бағыты, басқару жүйесі, билік тармақтары жария етілген. Білім күніне орай «балаларға кітаптарын толық табыс ету» шарасы өтті. Жаңа түскен кітаптарды қабылдау және техникалық өңдеу. Жаңа оқу жылы басталар алдында кітаптарды өңдеп, қалыпқа келтіріп оқушыларға таратылды.Қазақ сөз өнерінің кемеңгері, халық жазушысы Шерхан Мұртаза 90 жылдығына орай «Қазақ әдебиетінің нар тұлғасы» атты көрме ұйымдастырылып,оқушыларғаақынның

шығармашылығы мен өмірбаяны таныстырылды. «Туған жерім - мақтанышым» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге өлкеміздің ақын жазушылардың кітаптары қойылды. «Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушыларына үзіліс кезінде бір мезетте ертегілер оқу ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың кітапқа, кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру, оларды әдеби шығармаларды оқуға тәрбиелеу. «Оқуға құштар»жобасы «Бір отбасы, бір кітап» акциясы аясында А.Байтұрсынов және Т. Әбдіковтың шығармалары оқушыларға кеңінен насихатталды. Кітаптары оқуға беріліп шығармалар туралы түсініктемелер алынды. «Бір сынып – бір кітап» жобасысында әр түрлі жанрдағы кітаптарды бір сынып оқып талқылап, басқа сынып оқушыларымен бөлісті. Мақсаты: кітап оқып насихаттау.«Электрондық оқулықтар заман талабы» атты бұрыш қйылды. Бұл бұрыштың мақсаты мектептеп кітапханасының әр – бір оқырманына кітапханада жоқкітаптарды электронды түрде оқуға мүмкіндік бар.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әдебиеттанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай мектеп кітапханасында ашық көрме және кеш ұйымдастырылды. Оқырмандарға

А.Байтұрсынов шығармаларымен таныстырылып, сұрақ – жауаптар болды. «Кел бірге оқы!»», «20 минут оқы да 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы аясында BOOKCROSSING.ке саяхат ұйымдастырылды. Оқырмандар үзіліс кезінде кітап оқып және эссе жазу керек болды. Мақсаты: Оқырманның ойын дамыту, кітапқа деген қызығушылығын ояту болып табылады. Кітаптан рухани азық алуға үйрету.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9 ақпан Мұқағали Мақатаевтің туған күніне орай «Поэзия» кеші ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқырмандарды ақын М. Мақатаевтың өмірбаяны және өнерімен таныстыру. Оқырмандар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, жатқа айтты. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» атты кеш ұйымдастырылды. «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жоба «Үздік оқырман» тақырыбында әдеби кеш А.Құнанбаев шығармашылық кеші. Буктрейлер 8-9 сыныптар арасында жоба жүргізілді. 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай «Желбіре Жеңіс жалауы!» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Үздік оқырмандармен жұмыс жасалынды.

2023-2024 оқу жылы.

Оқушылардың санының өсуіне байланысты оқулықтарға сұраныс беріліп, оқулықтар толығымен келді. 3,4 сыныптарға көмек ретінде оқушы анықтама кітаптары келді. 2023-2024 оқу жылының басында 1-11 сынып оқушылары 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша стат есеп:

№	Көрсеткіштер	Саны		
1	Мектеп кітапханасының саны	1		
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	5528		
3	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	3630		
4	Көркем әдебиеттер саны	1737		
5	Оқырмандар саны	187		
6	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	1776		
7	Кітап беру саны	3553		
8	Кітапханашылар саны	1		
9	Оқу залының саны	1		
10	Оқу залында отыратын орын саны	14		
11	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	64,4 кв.м.		

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Кітапхана — дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап — білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Кітап – адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүюге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулайды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл — кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт — дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде.

Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Білім күніне орай «Сыңғырла, күміс қонырау » атты көрме ұйымдастырылды. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру үшін «Менің елім-Қазақстан» атты тақырыптық көрме ұйымдастыру. Отбасы күніне орай «Отбасы –бақыт мекенім » атты көрме ұйымдастыру. Отбасы күні біздің өміріміздегі отбасының маңыздылығы туралы тағы бір рет ойлануға және жақын адамдарға назар аударуға мүмкіндік береді. Өйткені, оларсыз біздің өміріміз бос және қуанышсыз болатындығын түсіндіру. Сирек жағдайларды қоспағанда, әр адамға отбасы қажет екендігін ұғындыру.

Тілдер мерекесіне орай «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты тематикалық көрме бөліп өтті. Өз жерлесіміз, ақын жазушы Бердалы Рысбековтың «Тасқа айналған қыз» повесінен фантастикалық көрініс қойылды. «Даналық дәнін сепкен» Ш.Құдайбердиев шығармашылығы бойынша әдеби сағат бөліп өтті. А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығынан көрініс қойылды, Фэйзбук желісіне жүктелді. «Ұлағатты ұстаздар» күніне ән кеші болып өтті. 25 қазан Республика күніне орай мерекелік кеш болып өтті. М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай 8 сыныптар арасында әдеби кеш өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 10 күндік іс шара болып өтті, «Ең үздік оқырман челленджі», «Әжемнің ертегілері» бастауыш сыныптар арасында, «Оқы және өзгеге сыйла (bookcrossing), «Бір сынып бір кітап», «Бір отбасы бір кітап», «Өзің оқып, өзгеге сыйла», «Біз бірге оқимыз», «Үздік оқырман – 2023» байқауы болып өтті. Барлық өткізілген іс-шаралар фэйзбук желісіне жүктеліп отырды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай библиопост ұйымдастырылды. Үздік оқырман байқауы 6 – сыныптар аралығында, «Күншуақ» т.б әдістерді пайдаланып өткізілді. «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары оқыған ертегілерінен көрініс қойды. Фэйзбук желісіне жүктелді. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы болып өтті. Мектебімізде аптаның әр сәрсенбісінде «20 минут кітап оқимыз» оқу сағаты өткізіледі. М. Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия» кеші өткізілді. Барлық өткізілген іс – шаралар фэйзбук желісіне жарияланып отырды. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44, 2022 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу- әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі – 100%. Әдеби кітаптардың көбеюі оқырмандардың санының артуына септігін тигізді. Мектебімізде атқарылып жатқан «Оқуға құштар» жобасы қызу қарқынмен жалғасуда.